

Турсынкулова Д.А.
Жеке тұлғаның құқықтық санасының ерекшеліктері

Жұмыста жеке тұлғаның құқықтық санасының мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, құқықтық сананың қалыптасуы, ерекшеліктері талданып, жан-жақты зерттелінеді.

Сондай-ақ мақаланың авторы құқықтық сананың маңызына аса назар аударады. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеу ісінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: мемлекет, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, құқықтық тәрбие, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі.

Tursynkulova D. A.
Substantial side of justice personality

The paper deals with the content side of justice personality. Also in the work comprehensively investigated features of formation of legal consciousness.

The paper also focuses on the nature and importance of justice. The main conclusions and position of the author may be used in enhancing the legal awareness and legal education of the Kazakhstan society.

Key words: state, legal state, legal culture, legal education, the state, the public authority, the activities of the State.

Турсынкулова Д.А.
Содержательные стороны правосознания личности

В работе рассматриваются содержательные стороны правосознания личности, всесторонне исследуются особенности формирования правосознания.

Особое внимание уделяется сущности и значимости правосознания. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: государство, правовое государство, правовая культура, правовое воспитание, государство, государственный орган, деятельность государства.

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
САНАСЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қоғам да, мемлекет те әрқашан әлеуметтік белсенді әрі заңға бой ұсынатын азаматтардың қалыптасуына мүдделі болады. Қоғамның құқықтық тіршілігіне қатысуының өзі жеке тұлғаның құқықтық санасына әсер етіп, оның құқықтық білім мен дағдыларды меңгеруіне өз ықпалын тигізеді сөзсіз. Құқықты үлкен әлеуметтік құндылық, тұлғаның бостандығының іске асырылуының көрінісі мен факторы ретінде тани отырып, мемлекет заңдылықтың, құқықтық тәртіптің, қоғамдық тәртіптің нығаюына ықпал етеді.

Қазіргі қазақстандық қоғамда елге дерт болған құқықтық немқұрайлықты болдыртпау қажет, заңға құрметпен қарау қасиетін тәрбиелеу қажет, сананы және жауаптылық сезімін ояту керек, бассыздыққа және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қажет, «тәртіпсіздік, шексіздік» деп аталатын құқықтық жүйенің және қоғамдық моральдің болуына тыйым салу керек. Қазақстандық азаматтардың салауатты өнегелігін және құқықтық санасын қалыптастырудың негіздемесі – әлеуметтік бейбітшілік, азаматтық келісімге келуі, халықтың барлық әлеуметтік топтарының белсенді ынтымақтастығы, халықтың әл-ауқатының көтерілуі, адам құқығының материалдық кепілдіктерін кеңейту болып табылады.

Бассыздықтың кез келген көрінісі құқықты, өзге де әлеуметтік нормаларды жоққа шығару, демократия туралы идеяны «Қалағанымды қалаймын» формуласына сәйкестендіріп жүрген кейбір жеке тұлғалардың психологиялық тұрғыдан бассыздықтары азаматтық қоғамды және құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолына кедергі болады.

Әлеуметтік зиянның бұл көріністерінің алдын алу керек. Бассыздықты, немқұрайлықты және әлеуметтік артта қалып қоюшылықты түбімен жою үшін барлық жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылатын азаматтарды құқықтық тәрбиелеу бойынша белсенді шараларды іске асыру қажет.

Құқықтық сананы тәрбиелеу өзінің табиғи байланысына қарап өнегеліктен, азаматтардың демократиялық санасынан бастау алады және қоғамның, адамның құқықтық мәдениетін көтермелеу үрдісінен, ар-намысты, бостандықты және әділеттікті иемденуден көрініс табады. Соңғы жылдары біздің қоғамның рухани өмірінде заңдылық пен

тұлғаның бостандығының арақатынасы, адам құқықтары және оның азаматтық жауаптылығы, демократияның дамуы мәселелері өзекті болып отыр. Демократия, заңдылық, адам құқықтары анархия, барлығына қол жеткізушілік, бассыздық ұғымдарымен бір емесі сөзсіз. Адамның бостандығы, өнегелік және құқықтық нысанында, оның есі дұрыс, ақылға сай және қайырымды мүдделері өзге тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құрметтеумен ұштасатын нұсқадағы тұлғаның мінез-құлқын білдіреді. Ұлы ойшылдардың санасында адамзат тарихында адамның ақылдылығы, данышпандығы, бостандығы және ар-намысы туралы идеялар қалыптасып, дамыған және көрініс тапқан. Көркем ойлар мен пайымдауларды Платон, Аристотель және өзге де ойшылдар мұра етіп тастап кеткен.

Платон өз еңбектерінде былай тұжырымдайды: «Ақылдыға заң керек емес – оның санасы бар». Бұл тұжырымды философтар басқаратын, әділ заңдар шығарған данышпандар басқаратын мемлекеттің ең жақсы құрылымы туралы ойшылдың өзге де идеяларымен байланысты талқылаған дұрыс [1, 409 б.].

Әрине, құқықтық сананы тәрбиелеу адами құндылықтарды, ережелерді отбасыда, мектепте, рухани қарым-қатынаста, оның ішінде өз құрдастарымен, жолдастарымен және достарымен ойын ойнау кезінде меңгеруден басталатыны анық жағдай. Дәл осы тұста құқықтық сананың элементтері қалыптаса бастайды, өнегелік іргетасы қаланады. Өмірді қадағалаудан, қалыпты жағдайлар мен құқық нормаларымен, заңи баға берумен тығыз байланысты тұрмыстағы, әлеуметтік қақтығыстар туралы ойлардан жас азаматтардың құқықтық көзқарастары, тұжырымдары, ойлары қалыптасады және сезімдері дамиды.

Жалпы мәдениетпен тығыз байланыста болған құқықтық тәрбиеде көркем әдебиеттер, бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде теледидар, радио, басылымдар үлкен рөл атқарады. Құқықтық сананы тәрбиелеу қоғамның барлық мәдени өмірінің құрамдас бөлігі болып табылады, жас ұрпақты ағарту және тәрбиелеу туралы қамқорлық көрсететін мемлекеттің әлеуметтік қызметі болып танылады.

Ересек азаматтарға құқықтық ағарту жүргізу, оларға құқықтық білім беру қоғамның көпшілік санасының дамуына әсер етеді және оның тәрбиелік маңызы бар. Тәрбиелік іс шаралар тұлғаның жеке құқықтық санасын қоғамның, мемлекеттің барлық мүдделеріне жауап беретін

жалпы заңи қағидалар мен талаптарға дейін көтермелейді. Құқықтың, заңдылықтың рухымен тәрбиелеу тек құқықтық ағартумен, заңға, құқыққа оң қарым-қатынас қалыптастырумен аяқталмайды, шектелмейді, ол тұлғаның құқықтық белсенділігімен, оның құқықтық мәдениетімен аяқталады [2, 18 б.].

Тұлғаның құқықтық мәдениеті оның заңи білімнің негіздерін меңгеруден, заңды, құқықты құрметтеуден, саналы түрде құқықтық нормаларды қатаң сақтаудан, әлеуметтік, заңи жауаптылықты түсінуден, құқық бұзушылыққа бой алдырмаудан, онымен күресуден көрініс табады. Мемлекет және қоғам алдында азаматтардың өз құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін білуі құқықтық мәдениеттің құрамдас бөлігі табылады. Адамның құқықтық санасы мемлекеттен, оның органдарынан өз құқықтарын, заңи мүдделерін қорғауға көмек сұрау сезімін тудырады, мемлекет, оған жүктелген міндеттерді орындауды талап етеді және ол заң және сот алдында барлығымен тең, құқықтары басқа азаматтардың құқықтарымен тең екенін сендіреді.

Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтермелеу құралы болып құқықты үгіттеу, азаматтарда заңи білімнің дамуы, тәжірибелі тұрғыда заңдылықты нығайту танылады.

Осыған байланысты жеке тұлғаға құқықтық тәрбие берудің мынадай нысандары бар:

- 1) құқықтық білім беру – жоғары және орта арнайы білім беру мекемелерінде, мектептерде арнайы дайындық пен оқыту түрінде көрінеді;
- 2) құқықтық үгіттеу – дәрістерде, қоғамдық кеңестерде, теледидар арқылы, бұқаралық ақпараттың өзге де құралдары арқылы және т.б. халыққа құқықтық тәрбие беру;
- 3) заңи тәжірибе алу – әсіресе құқық қабылдаушылық қызметінде тікелей қатысып, білім алатын тәжірибе алушы студенттерге өте маңызды;
- 4) құқық бұзушыларды құқықтық тәрбиелеу – құқықтық тәрбиенің бұл нысанын құқық қолдану және құқық қорғау органдары, атап айтқанда ішкі істер органдары, сот, прокуратура, жазаны орындайтын органдар және т.б. іске асырады.

Азаматтарға, әсіресе жастарға олардың бастықтарының, оның ішінде мемлекеттік аппараттың лауазымды тұлғаларының заңдарды қатаң сақтауда, қылмыстылықпен күресуде өздерін жақсы жағынан көрсетуі маңызды тәрбие берудің, ықпал етудің бірден бір жолы болып танылады [3, с. 187].

Құқықтық мәдениет – азаматтың қоғам және мемлекет алдындағы міндетін, борышын, па-

рызын саналы түрде іске асыруының қажетті жағдайы. Жеке тұлғаның, қоғамның құқықтық санасының дамуы адамның мінез-құлқынан ауытқуынан туындайтын ескі көзқарастарды болдырмауға, тұлғаға бассыздық және зорлық-зомбылық жасаудан алдын алуға ықпал етеді [4, с. 65].

Тұлғаның санасына ғылыми негізделген, өлшемделген құқықтық көзқарастарды, ойларды енгізу заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың алғышарты болып табылады, онсыз азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру мүмкін емес.

Құқықтық мәдениеттің деңгейін көтермелеу үшін оның ішінде жеке тұлғаның құқықтық мәдениетін көтеру үшін барлық азаматтарда құқықтық сананы, білімді, құқықтық салада адаммен қалыптастырылған құндылықтарды пайдалануды меңгеруді қалыптастыру жөнінде мемлекеттік органдардың және қоғамның мақсатқа сай қызметі болуы керек. Басқаша айтқанда, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтермелеу үшін тұлғаны құқықтық қалыптастыру және оған құқықтық тәрбие берілуі қажет.

Бұл екі ұғым бір-бірімен байланысты болып табылады. Тұлғаны құқықтық қалыптастыру деп (кейде кең тұрғыда мұны «құқықтық сана» деп те атайды) түрлі (экономикалық, саяси, әлеуметтік, идеологиялық және т.б.) факторлардың әсерінен құқықтық мәдениеттің қалыптасу үрдісі түсініледі.

Құқықтық сананы қалыптастыру үшін, тұлға – құқықты білуі тиіс, құқыққа іштей құрметпен қарауы керек, тәжірибеде құқықтық білімді қолдануды меңгеруі, құқықтық ұйғарымдарға сәйкес іс-әрекет жасау дағдысы болуы қажет.

Сонымен, құқықтық сана дегеніміз – азаматтар мен лауазымды тұлғаларда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамның мақсатқа сай қызметі.

Өз кезегінде, тұлғаның құқықтық санасы дегеніміз – адамда заңға бағынушылық тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында олардың санасына арнайы ықпал етумен ұштасатын азаматтардың белсенді саналы іс-әрекеті.

Негізінде кез келген құқықтық сананың мәні және мақсаты жеке немесе топтық құқықтық сананы қоғамның құқықтық санасы деңгейіне көтермелеу болып табылады. Қоғамның құқықтық санасындағы құқықтық ақпараттар, құқықтық тәжірибе тұлғаның санасына тиісті құралдар, әдістер мен нысандар арқылы «жеткізілуі» тиіс. Қоғамның құқықтық санасы құқық нормаларында орын алады, ал құқықтық тәрбие оның меңгерілуін білдіреді.

Құқықтық тәрбиені тек азаматтардың құқықтық ақпараттануымен ұштастыруға болмайды, ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, Конституцияның және қолданылмадағы негізгі заң нормаларын түсінумен тығыз байланысты екенін атаған жөн.

Әдебиеттер

- 1 Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. – Алматы: Қазақстан, 2005. – 504 б.
- 2 Сәбікенов С.Н. Салыстырмалы мемлекеттік құқық: оқулық. – Алматы: Өркениет, 2000. – 408 б.
- 3 Общая теория права и государства / под ред. В.В. Лазарева. – М.: Юрист, 1994. – 360 с.
- 4 Ибраева А.С. Правовая культура: вопросы теории и практики. – Алматы, 2006. – 235 с.

References

- 1 Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алматы: Қазақстан, - 2005. – 504 б.
- 2 Сәбікенов С.Н. Салыстырмалы мемлекеттік құқық: оқулық. - Алматы: Өркениет, 2000. – 408 б.
- 3 Obshhaja teorija prava i gosudarstva / Pod red. V.V. Lazareva. - M.: Jurict, 1994.- 360 с.
- 4 Ibraeva A.S. Prpravovaja kul'tupa: vopposy teorii i ppaktiki. – Алматы, 2006. – 235 с.